Бекітемін
ЖШС «Балеркем» бөбекжай
бөлімшесінің меңгерушісі:
Б.Байболатова

Ата-аналар жиналысының жылдық жоспары

2025-2026 оқу жылы

ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақша мекемесінде ата-анамен атқарылатын жұмыс жоспары

2025-2026 оқу жылы

	Ата-аналардың жалпы жиналысы		
1	**Ата-аналардың №1-жалпы жиналысы.** **Тақырыбы:** «МДҰ алдағы оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру қызметі мен жұмысының негізгі бағыттары». Күн тәртібі: 1. Тақырып бойынша жария баяндама: «МДҰ-ның 2025 - 2026оқу жылындағы жұмысының қорытындылары». 2. МДҰ ата-аналармен 2025 – 2026 оқу жылына арналған жұмысының перспективалық жоспарын әзірлеу. 3.Әртүрлі.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
2.	**Ата-аналардың №2-жалпы жиналысы** **Тақырыбы:** «Отбасы мен МДҰ – баланы тәрбиелеу мен дамытудағы серіктестер: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының кешенді жоспарының құндылықтарын бірге іске асырамыз». Күн тәртібі: 1.Ата-аналардың ерікті қызметі: мерекелерді, акцияларды, экскурсияларды ұйымдастыруға көмектесу және конкурстар мен жобаларға қатысу. 3. Әртүрлі.	Қаңтар	Меңгеруші, әдіскер
3	**Ата-аналардың №3-жалпы жиналысы.** **Тақырыбы:** «МДҰ өткен оқу жылындағы жұмысының қорытындысы, жазғы сауықтыру	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, мейірбике

	кезеңінде жұмысты ұйымдастыру». Күн тәртібі: 1.2025 - 2026оқу жылындағы тәрбиеленушілердің даму нәтижелері мен жетістіктері (әрбір жас тобында). 2.Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттары. 3. Әртүрлі.		
Топтардағы ата-аналар жиналысы			
1	**№1-жиналыс** (кіріспе). Күн тәртібі: 1. «Өткен оқу жылындағы жұмысты талдау». 2. Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарымен таныстыру. 3. Ата-аналар комитетін таңдау. 4. Әртүрлі.	Қыркүйек	Тәрбиешілер
2	**№2-жиналыс.** Күн тәртібі: 1.«МДҰ балалардың бейімделу кезеңі». 2. Мектепке дейінгі ұйымда буллингтің алдын алу. 3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша балалардың аралық мониторингінің қорытындылары. 4. Баланың қауіпсіздігі отбасында басталады: МДҰ мен ата-аналарға бірыңғай талаптар. 5.Әртүрлі.	Желтоқсан	Тәрбиешілер
3	**№3-жиналыс.** Күн тәртібі:	Ақпан	Тәрбиешілер

	1. «Отбасымен өзара әрекеттесу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың бойында саламатты өмір салты құндылықтарын тәрбиелеу». 2. «Балалар жарақатының дағдылы жағдайлары, оның алдын алу шаралары». 3. Баланың даму картасы қалай жасалады? БДК туралы ақпарат беру. 4. Әртүрлі.		
4	**№4-жиналыс.** Күн тәртібі: 1. «Балаларды мектепте оқуға дайындау». 2. Ата-аналарға тәрбиеленушілерді зиянды ақпарат таратудан қорғау мәселелері бойынша консультация беру. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғаудың құқықтық және педагогикалық аспектілері». 3. «Мектепалды топ балаларының бағдарламаны меңгеру нәтижелері». 4. Әртүрлі.	Мамыр	Тәрбиешілер

Бекітемін:
ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі: Б.Байболатов

«Балеркем» бөбекжай балабақшасы ұжымы

Ата-аналар жалпы жиналыс хаттамасы

2025-2026 оқу жылы

Жалпы ата-аналар жиналысының
№1 хаттамасы

Мерзімі:24.09.2025ж
Жалпы саны: 140

Қатысқандар: 15
Қатыспағаны:5
Себебті:5

Күн тәртібінде

1.Тәрбиешілерді таныстыру
2. Баяндама: Л.Ақмарал "Балабақшаға баланы бейімдеу"
Баяндама: И. Камила " Неге екпе алу керек"
3. Ата-аналар арасында ойын (көңілді сергіту)
4. Ата-аналармен сұрақ жауаптар
5. Әр түрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Байболатова. Б апай сөз алды. Келген ата-аналармен амандасып,топ тәрбиешілермен таныстырып өтті. Барлық тәрбиешілер өзіні таныстырып топтарың атап айтты.
Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі баянама оқыды. Дені сау ұрпақ өсіру-әрбір ата-ананың міндеті.Баланың өз денсаулығын сақтаудың қарапайым амалдарына үйрету.Баланы өзі қандай да бір сырқаттанып немесе науқастанып тұрғанын байқаса үлкендерден көмек сұрауға үйрету. Балаға өз ағзасының сауықтыруға деген қызығушылығын арттыру және өз десаулығын сақтау мен шынықтыру әдіс-тәсілдерін үйрету.
Науқастанып қалған кезде негізгі өз –өзін ұстау ережелерін сақтауды тәрбиешілер үйретуі тиіс. Жәнеде неге екпе алу керек екені жайлы айтып өтті.
Тәрбиеші Лесбай А "Балабақшаға баланы бейімдеу" тақырыбында баянама оқыды. Ата аналарға балаларды балабақшаға тез бейімдеу жайлы айтып өтті.
Үшінші: Ата аналармен көңілді ойындар ойнатылды.
1. "Армандар ұшағы"
2. "Зейініңді дамыт"
Төртінші мәселе бойынша Ата-аналармен сұрақ жауап өткізілді. Ата-аналарға қызықты сұрақтар берілді.

Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Махамбетова Х апай сөз алды. Ата-аналарға өздерін қызықтырған сұрақтар бойынша тәрбиешілерге сұрақтар қоюға болатыны жайлы айтып өтті.
Ата-аналар комитеті мүшелерінда сайлап алдық.
Қортынды:Баланы балабақшаға бейімдеу және мектепке дайындық денгейін жақсарту үшін ата-аналар мен тәрбиешілер тығыз байланыста жұмыс жасау қажет.

Б/б меңгерушісі: Байболатова Б
Әдіскер: Махамбетова Х
Тәрбиеші: Махмудова И




Ата аналармен Өткізілген тренинг
“Армандар Ұшағы”
“ЗейініҢді дамыт” ойыны

Бекітемін
ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі: Б.Байболатов

«Балеркем» бөбекжай балабақшасы ұжымы

Ата-аналар жалпы жиналыс хаттамасы

2025-2026 оқу жылы

25.05.2026ж

Жалпы ата-аналар жиналысы форматында мектепке дейінгі ұйым ата-аналарымен жүргізілетін бірыңғай жұмыс үлгісі

Қысқаша тезис.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескеру қажет. Демек, баламен жұмысты ата-аналарымен, қоршаған ортамен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды.

Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту мектепке дейінгі ұйым ұжымының басты міндеттерінің бірі болуға тиіс *(Модельдің 48-т)*.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру үшін ата-аналар жиналыстарының жаңа форматының келесі түрлерін таңдау ұсынылады:

– тренингтер;
– семинарлар;
- ата-аналар конференциясы;
– ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға бағытталған дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары;
– пікірталастар;
– педагогикалық қонақ бөлмелері.

Ата-аналар жиналыстарын өткізудің мақсаты: мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуға, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгертуге қатысты ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу, тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

Міндеттері:

1) балаларды дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тарту;

2) ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;

3) балаларға мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын іске асыру үшін жайлы жағдай жасауда отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;

4) өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның педагогтері мен ата-аналары арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау;

5) ата-аналар институтының жұмысын ұйымдастыру (*жас аналар мектебі, әжелер мектебі, аталар мектебі, әкелер мектебі)*.

Күтілетін нәтижелер:

1) ата-аналарға білім беру процесінің қатысушылары болуға мүмкіндік беріледі;

2) ата-аналар үйде баланың толық дамуына жағдай жасау үшін консультациялық көмек алады.

Балабақшадағы ата-аналар жиналысы сценарийінің үлгісі

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгерту бойынша түсіндіру жұмыстары.

Қатысушылар:

1. Балабақшаның барлық жас топтарының ата-аналары мен педагогтері – *(қатысушылар санын көрсету)*

Өткізілу нысаны: семинар *(егер басқа формат таңдалған болса көрсету)*

Семинардың өткізілу барысы:

1. МДҰ-ғы топтың заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы жайлы бейнеролигін көрсету (2-2,5 мин).

Бейнероликтің мазмұны:

- *балалар бастамасын қолдау, заттар мен ойыншықтарға еркін қол жеткізу үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта*
- *педагогтердің балаларға арналған дамытушы процесті ұйымдастыруы*
- *қызығушылықтар аймақтарындағы балалар іс-әрекетінің әр түрлері*
- *педагог пен балалар арасындағы өзара әрекет*
- *баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы орта, ойын және тақырыптық аймақтар*

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнындағы жаңа тәсілдерді таныстыру.

1-слайд. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.

Анықтама үшін.

«Дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестері тәсілдерін өзгерту» бойынша дамыту моделінен алынған материалдар

22. Қазіргі әлемде білімге деген көзқарас балалар өмір сүріп, өсіп жатқан, жылдам өзгеріп отыратын болмыспен бірге өзгеруде. Білімді баланың туылған сәтінен бастап өмір бойы жалғасатын процесс ретінде қарау білім беру процесін ұйымдастырудың икемді стандарттарын қабылдауды қажет етеді. Балалар көп уақытын білім беру ұйымдарында өткізеді, бұл балалардың мәдени және этникалық әртүрлілікке құрмет көрсетілетін үйлесімді, мейірімді, дамытушы, инклюзивті, әділ ортада балалық шағын өткізуі үшін тиісті жағдайлар жасаудың маңыздылығын түсінуге әкеледі.

23. Бала өзінің әлем жайлы жеке түсінігін қалыптастыру құқығы мен мүмкіндігі бар оқуға белсенді қатысушы ретінде қабылдануы тиіс.

24. Мектепке дейінгі кезең - мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек, бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс. Педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құрудың маңызы зор.

25. Тәрбиелеу мен дамыту ерте балалық шақтан басталады, бұл ғылыми тұжырымдармен дәлелденген. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдық

қасиеттері зор маңызға ие. Сондықтан балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру қажет.

2-слайд. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың стандарты.

Анықтама материалдары.

17. Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы ісшаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу,тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

18. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

21. Мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының түлегі:

физикалық дамыған;

ізденімпаз;

бастамашыл;

табанды;

бейімделуге қабілетті, көпшіл;

өзіне сенімді;

командада жұмыс істей біледі;

эмоционалды жауапты;

өзі, отбасы, қоғам (жақын қоғам), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие.

3-слайд. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

Анықтамалық материалдар.

- *Ұйымдастырылған іс-әрекет – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез- құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратыніс-әрекет.*

- *Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күн бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.*
- *Мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында педагогке Үлгілік бағдарламада айқындалған сөздік минимумды балалармен бірге күні бойы үйрену, тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сонымен қатар қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту меңгеру ұсынылады.*

- *Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ән салуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттауға, импровизацияға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға, балалардың шулы аспаптарында ойнауына және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне күні бойы уақыт бөлінеді.*

4-слайд. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

Анықтамалық материалдар.

2.Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

3. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық- кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

4. Бағдарламаның мазмұны:

дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;

балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;

тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге;

өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;

тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге;

бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

5. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар; кіші

топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар; ересек

топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

6.Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында –1 жыл.

7. Педагог балаға:

ненің «дұрыс» және ненің «бұрыс» екенін түсінуді; сыпайы және мейірімді болуды;

дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді;

қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді; тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді;

қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды;
физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарынойнауды;
өзі ойнауды;
ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа;
ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пенқамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды;
өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

8.Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердегі (лицейлердегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарда іске асырылады.

3. Пікір алмасу және кері байланыс.

- баланың көңіл-күйі
- баланың шаршамауы
- баланың балабақшаға бару ниетінің болуы
- педагог пен балалар арасындағы өзара әрекет
- балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша ата-аналардың қалаулары мен ұсыныстары





Бекітемін:
ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі: Б.Байболатов

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Кіші топ: «Еркетай»
Тәрбиеші:Каримова К

2025-2026 оқу жылы

«Балеркем» бөбекжай бақшасы
«Балдәурен» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының хаттамсы

Хаттама №2

Күні:12.10.2026 жыл

Қатысқаны: 15
Қатыспағаны: 10

1.Танысу.Топпен,топтың атауымен, тәрбиешілерімен.
2.Келісім шартқа отыру.
3. Ата-аналар төрайымын сайлау.

1.Балабақшаға келген әрбір бала осы балабақшаны бітіріп кеткенге дейін осы үйдің туған бөбегіндей болып тәрбиеленеді, білім алады, жан-жақты дамиды, жетіледі.Балаларыңыз балабақшаға қабылданғаннан бастап тәрбиешілер олармен жеке жұмыс жүргізеді. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыпт астыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі. Балабақшаның бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады,яғни таңертеңгілік жаттығу,таңғы ас, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, түскі ас, түскі ұйқы,ұйқыдан ояну, бесінді асы,ойын түрлері- барлығы өз уақытымен өткізіліп отырады.Бұл топ балалары 2 жас аралығында болғандықтан, «Еркетай» тобы деп аталады.Тәрбиешісі Каримова К

2.Тәрбиеші Каримова К ата-аналарды балабақшаның келісім шартымен таныстырып, оны әр ата-анаға таратып берді.Келісім шарт балабақшаға келген күннен бастап өз күшіне енеді және де бір жылға ғана жарамды. Келісім шарттың барлық бөлігіндегі міндеттерді орындау екі жақтың да міндеті. Әр айдың 10-на дейін балаларыңыздың тамақтануына төлемақыны уақытылы төлеп қоюға міндеттісіздер дей келе,ата-анаға балаларын балабақшаға 8.30-ға дейін әкеліп,кешкі сағат 18.00-ге дейін алып кетулерін,және де баланың үстін таза етіп әкелулерін ескертті.

3.Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе, орталарынан қолы бос, жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады.
Олар: ата-ана комитетінің төрайымы: Махмудова М

Жиналыс қаулы етті:
1.Балабақша күн тәртібі қатаң сақталсын.
2.Келісім шарттың барлық шарттары орындалсын.
3.Балабақша іс шараларына әр бала уақтылы қатыссын.

Тәрбиешісі: Каримова К



Бекітемін:
ЖШС «Балержем» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі Б.Байболатов

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Кіші топ: «Еркетай»
Тәрбиеші:Каримова К

2025-2026 оқу жылы

Күні: 20.11.2026 ж

«Балеркем» бөбекжай бақшасы

«Балдәурен» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №3

Қатысқаны: 20
Қатыспағаны:3
Себебті:2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.Ертеңгілік іс-шаралармен таныстыру
2. Тренинг «Тәрбие – отбасынан басталады»
3. Баяндама«Дәрумендер біздің досымыз»

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Каримова К Ертеңгілік іс-шаралармен таныстырды. Ата-аналар тыңдап ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша Тренинг «Тәрбие – отбасынан басталады»психолог Дакенова Р тринининг өткізді.
Ата-аналар бір ауыздан көктемдік мерекелерге ат салысып қатысамыз деп шешті.

Үшінші мәселе бойынша Баяндама «Дәрумендер біздің досымыз»
Медбике:

Қаулы:
1. Баяндаманы Каримова К оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдерін мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
3. Медбике баяндама оқыды.

Б/б меңгерушісі: Байболатова Б
Әдіскер: Махамбетова Х
Тәрбиеші: Каримова К


ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ

Бекітемін:
ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы
Меңгеруші: Б.Байболатов

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Кіші топ: «Еркетай»
Тәрбиеші:Каримова К

2025-2026 оқу жылы

«Балеркем» бөбекжай бақшасы
«Балдәурен» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының хаттамсы

Хаттама №4

Күні: 12.12.2026

Қатысқаны: 18
Қатыспағаны: 7

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. «Қош келдің Жаңа жыл!» мерекесі.
2.Ата-аналарға арналған тест

Топ тәрбиешісі Каримова К топтағы балалардың үлгерімі мен тәртібін айтып өтті.Оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы өтілген оқу іс-әрекет барысындағы әр балалардың жеткен жетістіктерін айтты. Көптеген балалардың сандарды танып, есептеуді үйренгендерін, Әріптерді танып, оны оқып жазуды үйрене бастағандарын айтты. Топ тәрбиешісі Қосымова И ата-аналарға қыркүйек айындағы мониторинг нәтижесімен таныстырды.Жыл басындағы көрсеткіші төмен балалардың қазір біршама дәрежеге көтерілгенін айтты.

Топ тәрбиешілері балалардың жаңа жылдық ертеңгілікке дайындығын айтып, әр баланың мерекеге сәйкес киетін костюмдерін ата-аналарға тапсырды. Жаңа жылдық мерекені ата-аналардың келіп тамашалауына болатындығын айтты.Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын ата-аналар бірауыздарын ойласа келіп шешіп, ата-аналар комитетіне сеніммен тапсырды.

Тәрбиешілер ата-аналарға арнап тест сұрақтарын қойды. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарға жауап берді.

Қаулы:

1. Бала үлгерімінің жоғарылауына ата-ана да өз үлесін қоссын.
2. Жаңа жыл мерекесіне сәйкес әр балаға мерекелік костюм кигізілсін.

Тәрбиеші:Каримова К

Бекітемін:
ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы
Меңгерушісі: Б.Байболатов

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Кіші топ: «Еркетай»
Тәрбиеші:Каримова К

2025-2026 оқу жылы

«Балеркем» бөбекжай бақшасы
«Балдәурен» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының хаттамсы

Хаттама №5

Күні:18.03.2026ж

Қатысқаны: 19
Қатыспағаны: 6

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. 8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.
2. 22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні.
3. «Алғашқы ұстаз-ата-ана» дөңгелек үстел

Топ тәрбиешілері аналарды, әжелерді 8-наурыз мерекесімен құттықтады. Бірінші мәселе бойынша, топ тәрбиешілері ата-аналарға көктем мезгілінің алғашқы айы -наурызда болғалы отырған екі арнаулы мерекеге балаларды дайындап жатқандарын айтып өтті. 8-наурыз мерекесі ертегі желісімен алынып, ертегі кейіпкерлеріне арнап косюмдердің тігіліп жатқанын айтты. Балалардың барлығы тақпақтар айтып, ән салып, би де билейді. Балаларыңызды мерекеге сай киіндіріп әкеліңіздер деп тапсырды.

22-наурыз-«Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне де балалардың ертеңгілік іс-шарасы болатынын және де балаларды ұлттық киімдермен әкелу керектігін айтып өтті.Балалар тақпақ, ән айтып, би билеп, өнер көрсетеді.Мерекеде балалар наурыз көжеден дәм татады. Наурыз мерекесіне ата-аналардың да қатысып көрулеріне болатынын айтты. Ата-ана пікірі тыңдалды.

Жиналыс соңында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. «Алғашқы ұстаз - ата-ана» атты тақырыпта ата-аналар арасында пікірталас жүргізілді. Әр ата-ана өз ойын ортаға салды. Пікірталас соңында, қорытынды есебінде тәрбиеші ата-аналарға «Алғашқы ұстаз – ата-ана» баяндама оқып берді.

Қаулы:

1. Әр бала мерекеге сәйкес киіндірілсін.

Тәрбиеші: Каримова К

Бекітемін:

ЖШС «Бөлеркем» бөбекжай

бағлабақшасының меңгерушісі:

Байболатова Б

№1-Ата-аналар жиналысының Хаттамасы

2025-2026 оқу жылы

ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы

2025–2026 оқу жылы

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

№ 1

Өткізілген күні: «22» қыркүйек 2025 жыл

Топ: кіші топ «Балбөбек» тобы

Тәрбиеші: Бегай Аружан

Қатысқандар: 17

Қатыспағандар:3

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылындағы балабақшаның жұмыс жоспарымен таныстыру.
2. Балалардың балабақшаға бейімделуі және күн тәртібін сақтау.
3. Баланың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау.
4. Балабақша мен ата-ана арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту.
5. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Бегай Аружан сөз сөйледі. Ата-аналарға 2025–2026 оқу жылында атқарылатын жұмыстар, ұйымдастырылатын оқу қызметтері, тәрбиелік іс-шаралар және балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстар туралы түсіндірілді.

Екінші мәселе бойынша балалардың балабақшаға бейімделуі, күн тәртібін сақтау, уақытылы келуі және баланың психологиялық жай-күйіне көңіл бөлу қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәселесі қаралды. Баланың денсаулығына байланысты ерекшеліктері болса, тәрбиешіге алдын ала хабарлау қажеттігі ескертілді.

Төртінші мәселе бойынша балабақша мен ата-ана арасындағы тығыз қарым-қатынастың маңызы айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Ата-аналар өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіріп, балабақша мен ата-ана арасындағы байланысты одан әрі нығайту жөнінде ұсыныстар айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балалардың балабақшаға уақытылы келуін және күн тәртібін сақтауын қамтамасыз ету.

2. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына бірлесіп жауапкершілікпен қарау.

3. Баланың тәрбиесі мен дамуына ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

4. Тәрбиеші мен ата-ана арасында тұрақты байланыс орнатып, туындаған мәселелерді бірлесе шешу.

5. Балабақшада өткізілетін іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуын ұйымдастыру.

Жиналыс төрайымы: Бегай А

Хатшы: Махмудова И

Тәрбиеші: Бегай Аружан

Ата-аналар комитетінің төрайымы: _Усенова Д


САНАМАК
ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ
САЛАУАТТЫ ҮРПАҚ

Бекітемін:

ЖШС «Балеркем» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі:

Байболатова Б

№2-Ата-аналар жиналысының Хаттамасы

2025-2026 оқу жылы

ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы

2025–2026 оқу жылы

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

№ 2

Өткізілген күні: «15» қаңтар 2026 жыл

Топ:кіші топ «Балбөбек» тобы

Тәрбиеші: Бегай Аружан

Қатысқандар: 16

Қатыспағандар:4

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың оқу-тәрбие барысындағы жетістіктері мен белсенділігі.
2. Баланың сөйлеу, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
3. Үйде баламен жұмыс жүргізудің тиімді жолдары.
4. Балабақша мен отбасының бірлескен тәрбиелік жұмысы.
5. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиеші Бегай Аружан балалардың оқу-тәрбие барысындағы жетістіктері туралы айтып, әр баланың жеке қабілетін дамытуға көңіл бөлу қажеттігін түсіндірді.

Ата-аналарға үй жағдайында баланың сөйлеу қабілетін, ұсақ моторикасын, ойлауын және шығармашылық белсенділігін дамытуға арналған қарапайым жұмыстар ұсынылды.

Баланың жетістігіне қолдау көрсету, оны мадақтау және күнделікті тәртіпке дағдыландырудың маңызы айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Ата-аналар балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты пікірлерін айтып, өзара тәжірибе алмасты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балалардың оқу-тәрбие жұмысына ата-аналар тарапынан тұрақты қолдау көрсету.

2. Үй жағдайында баланың жас ерекшелігіне сай дамытушы тапсырмалар орындауға көңіл бөлу.

3. Баланың жетістіктерін қолдап, жағымды психологиялық орта қалыптастыру.

4. Тәрбиешімен тұрақты байланыста болып, баланың дамуындағы өзгерістерді бірге бақылау.

Жиналыс төрайымы:Бегай А

Хатшы:Махмудова И

Тәрбиеші: Бегай Аружан _____

Ата-аналар комитетінің төрайымы:Усенова Д


САЛАУАТТЫ ТҮРЛАР
ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ
САНАМАҚ

Бекітемін:

ЖШС «Балеркем» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі:

Байболатова Б

№3-Ата-аналар жиналысының Хаттамасы

2025-2026 оқу жылы

ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы

2025–2026 оқу жылы

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

№ 3

Өткізілген күні: «20» мамыр 2026 жыл

Топ:кіші топ «Балбөбек» тобы

Тәрбиеші: Бегай Аружан

Қатысқандар: 18

Қатыспағандар:2

КҮН ТӘРТІБІ:
